

Бекітемін:
«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі
К.Д.Бактыбаева
2024ж

**СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАҒА БІЛІМ БЕРУДІҢ
ЖЕКЕ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫ.
«ҚАРЛЫҒАШ» ЕРЕСЕК ТОБЫ**

**«Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК
Тәрбиеленушісі Төлеу Айым**

МІНЕЗДЕМЕ

Төлеу Айым 22.04.2020ж. балабақшада 2022 жылдың 15 тамыз айынан бастап тәрбиеленеді.

Баланың отбасы толыққан, отбасында төрт бала бар. Ата-аналар моральдық тұрғыдан тұрақты, баланың дамуы мен тәрбиесіне қызығушылық танытады және бұған үлкен мән береді.

Балабақшаға ерікті түрде келседе, балалармен ойнауға және сөйлесуге деген ұмтылыс көрсетпейді. Бала ересектермен, құрдастарымен де байланыс жасамайды және топтағы балалармен достық қарым-қатынас байқалмайды.

Тәрбиешінің ұйымдастыруымен топта Айым ойындарға қызықпайды. Көбінесе өз-өзімен жеке жүру ұнатады. Ойыншықтарды қолданады. Танымдық қызығушылық ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде қызығушылық көрсетпейді, назары тұрақсыз.

Ауызекі сөйлеудің, сөздік қордың қалыптаспауына байланысты баланың ойынға деген қызығушылығы төмен деңгейде байқалады. Сөздік қордың жеткіліксіздігі: бала толық сөйлемейді, ересек адамның өтінішіне жауап бермейді, атын атап шақырғанға мән бермейді.

Мінез-құлық мәселелері: бала өзін-өзі басқара алмайды, қызмет ету дағдылары жасына байланысты дамымаған, қажет болған жағдайда ересектерден немесе құрдастарынан ымдап көмек сұрайды.

Қарым-қатынас мәселелері: балаларға қосылмайды.

Эмоционалды және жеке проблемалар: бала бір жерде отыра алмайды, қозғыштығы жоғарылауы, көңіл-күйі жиі өзгереді.

Жүйке жүйесінің мәселелері: ызақор, тез шаршап қалады, ұйқысы тұрақсыз. Балабақшаға бейімделуі орташа деңгейде.

Бала ересек адаммен тез байланысқа түсе алмайды, тапсырмаларды орындамайды. Психикалық таным процестерінің кездейсоқтықтың жетілу деңгейінің шамалы төмендеуі анықталды.

ПМПК тұжырымына сәйкес, баланың психикалық дамудың тежелуі, сөйлеу тілінің бұзылуы мен сөйлеу тілінің тежелуі. Сөйлеудің дамымауына байланысты ойын белсенділігі дұрыс қалыптаспайды. Сөздік қордың жеткіліксіздігі: бала сөйлемейді, ересек адамның өтінішіне жауап бермейді.

Түсіндірме жазба

1. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 14 - баптарына сәйкес әзірленді.

Бағдарламаның мақсаты: Бағдарлама сөйлеу бұзылыстары бар балаларда ауызша байланыстырып сөйлеудің дамуына, қарым-қатынастың лексикограмматикалық және фонетико-фонематикалық құралдарының қалыптасуына, сөйлеу кемістіктерін дұрыстауға, эмоционалды-еріктік және танымдық аймақтарының жетілмеуін түзетіп, ЖСТД бар мектепке дейінгі балаларды мектепке оқуға дайындауға және мектепте туындаған мәселелердің алдын алуға ықпал етеді.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) қарым-қатынасты қажетсіну деңгейін жоғарылату және қоршаған ортадағы адамдарға қызығушылығын тәрбиелеу;
- 2) импрессивті және экспрессивті сөйлеуді дамыту (енжар және белсенді сөздікті жүйелендіру және байыту);
- 3) ауызша байланыстырып сөйлеуді дамыту (диалогтық және монологтық); 4) ауызша коммуникацияның лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру және қалыптастыру;
- 5) қызығушылықтарын үйлестіруге бағытталған ересектер және құрбыластарымен түрлі өмірлік жағдайлардағы вербалды және вербалды емес құралдарды дамыту;
- 6) байланыстырып сөйлеудің түрлі бейнелерін және оның белгілерін тани алу икемділігін, әңгімені құрастыру және қайталап айту дағдысын қалыптастыру;
- 7) артикуляциялық моторика қозғалыстарының кинестетикалық және кинетикалық негіздерін қалыптастыру;
- 8) толыққанды дыбыс айту дағдыларын (сақталған дыбыстарды нақтылау, жоқ дыбыстарды шығару, бұрмаланып айтылатын дыбыстарды түзету, автоматтандыру және сөйлемдегі басқа дыбыстардан ажырату);
- 9) шартты түрде есту және көру арқылы қабылдау мен назарды қалыптастыру;
- 10) фонематикалық есту мен фонематикалық қабылдауды дамыту;
- 11) сөйлеу кезінде интонациялық құралдарды меңгеру дағдыларын жетілдіру;
- 12) коммуникативті, ойындық және түрлі әрекеттер процесінде ұйымдастырушылық әрекеттерді, дербестікті, белсенділікті дамыту;
- 13) мектепке деген ынтаны қалыптастыру және мектепке дайындық.

«Коммуникация» білім беру саласы бағдарламасының базалық мазмұны «Тіл дамыту» арнайы түзету оқу әрекетінде жүзеге асырылады.

Мақсаты - тілдің лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру болып
Міндеттері:

- 1) үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есімдер есебінен балалардың енжар және белсенді сөздіктерін байыту;
- 2) тілдің грамматикалық құралдарын белсендендіру;
- 3) ересек адамдармен және балалармен еркін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- 4) диалогтік фразалық сөйлеуін дамыту.

Сөйлеу дамуында қиындықтары бар тәрбиеленушіні психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағыты

Баланың аты-жөні :Төлеу Айым

Тобы :«Қарлығаш» ересек тобы

Баланың жасы: 22.04.2020ж

Мәселелер:Психикалық дамудың тежелуі.Сөйлеу тілінің бұзылуы: сөйлеу тілінің тежелуі.Танымдық іс-әрекетінің бұзылысына байланысты ойын іс-әрекетінің бұзылысы.

Мақсаты:

«Коммуникация» білім беру саласы бағдарламасының базалық мазмұны

«Тіл дамыту» арнайы түзету оқу әрекетінде жүзеге асырылады.

- тілдің лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру болып табылады.

Міндеттері: 1) үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есімдер есебінен балалардың енжар және белсенді сөздіктерін байыту;

2) тілдің грамматикалық құралдарын белсендендіру;

3) ересек адамдармен және балалармен еркін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;

4) диалогтік фразалық сөйлеуін дамыту.

Баламен жұмыс жүргізу:күнделікті, ағымдағы 9 айда.

2024-2025 жылдық жұмыс жоспары

Айы	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
Қыркүйек	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 1) болымды және болымсыз бұйрықтарды түсіне алуға оқыту; Экспрессивті сөйлеуді дамыту: 1)сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолдана алуға үйрету; Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 1) өзіндік фразалық сөйлеуді қолдануға үйрету; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 1.сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 1) бала басқа балаларды тыңдай алатын, балалар, ересек адамдармен қарым-қатынас орната алатын жағдайлар жасау;
Қазан	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 2) мағынасы бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға үйрету; Экспрессивті сөйлеуді дамыту: 3) «мен» жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді балаларға үйрету. 4) жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту; Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 2) пысықтауыш, анықтауыш, көмекші сөздер және көмекші сөздерсіз толықтаулармен сөйлемдерді жайылта алу икемін дамыту; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 1.сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 2) диалог барысында сұрақтар қоя білуін және оларға жауап қайтара алуын бекіту, өтініш және алғыс білдіру кезінде қарапайым сыпайылықты көрсету алуға үйрету;

Қараша	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 3) мағынасы бойынша қарсы сын есімдердің орнын түсіну Экспрессивті сөйлеуді дамыту: 5) тәуелдік сын есімді құрастыра алу дамыту. 6) мағынасы бойынша қарама-қарсы сын есімдерді қолдануды дамыту; Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 3) кішігірім әңгіме немесе ертегі мазмұны бойынша сөз орамдар және сөйлемдерде сөздерді аяқтап айтуға оқыту; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 2) берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: сөздің басында дауысты дыбысы бар сөздер «кітап», сөз ортасында «ыстық», сөз аяғында «қарт». Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 2) диалог барысында сұрақтар қоя білуін және оларға жауап қайтара алуын бекіту, өтініш және алғыс білдіру кезінде қарапайым сыпайылықты көрсету алуға үйрету;
Желтоқсан	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 3) мағынасы бойынша қарсы сын есімдердің орнын түсіну Экспрессивті сөйлеуді дамыту: 7) кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды атауды үйрету икемін бекіту. Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 4) ертегілерден үзінді, көлемі бойынша үлкен емес, өтірік өлеңдер, тақпақтарды жатқа алу икемін дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 2) берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету: сөздің басында дауысты дыбысы бар сөздер «кітап», сөз ортасында «ыстық», сөз аяғында «қарт». Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 3) диалогқа дер кезінде түсуді және әңгімені аяқтауды дамыту.
Қаңтар	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 1) жалпылама сипаттағы сөздермен енжар сөздікті толықтыру: тәулік бөліктері, жыл мезгілдерінің атауы; Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: 1) лексикалық тақырыптар бойынша үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есім есебінен белсенді сөздікті молайту; Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 1) берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: "кім? - сипаты- зат - әрекет"; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 1) сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 2) қарым-қатынастық элементарлы ситуацияларына үйрету.
Ақпан	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 2) көмекші есімдермен "астында", "жанында" айқындалған, кеңістік қатынасын түсінуіне үйрету; Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: 2) сөйлеуде септікті сөз түрлендіруді қолдана алу дамыту; Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 2) "және", "содан соң" жалғаулық шылаулары бар салалас құрамалас сөйлемдерді құра алуға оқыту; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 2) дауыссыз дыбыстары үйлескен екі - үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 1) сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді үйрету;
Наурыз	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 3) "астында-үстінде", "алдында-артында-жанында", "алыс-жақын" үстеу мәндерін түсінуді үйрету; Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: 3) үш көлемінде сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 3) схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 1) сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 1) сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді үйрету;

Сәуір	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту:4)ұқсас жағдайларды белгілейтін, іс-әрекеттерді ажырата алуды қалыптастыру; Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: 2) сөйлеуде септікті сөз түрлендіруді қолдана алуды дамыту; Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 4) схема және тіреу суреттері бойынша кішігірім ертегілер мен әңгімелерді қайта айтып беруге оқыту; Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту:2) дауыссыз дыбыстары үйлескен екі - үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 2) қарым-қатынастық элементарлы ситуацияларына үйрету.
Мамыр	Тіл дамыту:	Импрессивті сөйлеуді дамыту: 5) етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуға үйрету. Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: 3) үш көлемінде сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту: 5) ертегі ішінен ұсынылған сюжет бойынша сахналауға үйрету. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: 1) сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту; 2) дауыссыз дыбыстары үйлескен екі - үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: 2) қарым-қатынастық элементарлы ситуацияларына үйрету.